

## Кредиттік серіктестіктер туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 28 наурыздағы N 400 Заңы.

**Колданушылар назарына!**

**Колданушыларға ынғайлы болуы үшін РКАО мазмұнды жасады.**

### МАЗМҰНЫ

Осы Заң кредиттік серіктестіктердің құқықтық жағдайын, құрылу, қайта үйимдастырылу және таратылу тәртібін, сондай-ақ қызметінің реттелуін айқындайды.

#### 1-тарау. Жалпы ережелер

##### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) қосымша жарна - қатысушының кредиттік серіктестіктің мүлкіне берген ақша сомасы;

2) кредиттік серіктестік - жеке және (немесе) заңды тұлғалар өз қатысушыларының кредиттерге және басқа қаржылық, соның ішінде банктік қызмет көрсетуге деген қажеттерін олардың ақшаларын жинақтау жолымен және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен қанағаттандыру үшін құрган заңды тұлға;

3) кредиттік комитет - кредиттік серіктестіктің өзінің кредит саясатын жүзеге асыратын бөлімшесі;

4) міндетті салым - қатысушының кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталына енгізуге жататын ақшасы;

5) Алынып тасталды - КР 2005.12.23 № 107 Заңымен.

**Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2005.12.23 № 107 (колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

##### 2-бап. Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктер туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктер туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдары осы Заңмен реттелмеген бөлігінде кредиттік серіктестіктерге колданылады.

3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері колданылады.

## **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

1-тaraуды 2-1-баппен толықтыру көзделген – ҚР 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **2-тaraу. Кредиттік серіктестіктерді құру**

### **3-бап. Кредиттік серіктестік**

1. Кредиттік серіктестіктер жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер нысанында құрылтай шарты негізінде құрылады және өз жарғысына сәйкес әрекет етеді. Кредиттік серіктестік оның мемлекеттік тіркелген кезінен бастап құрылды деп есептеледі.

2. Кредиттік серіктестіктең атауында "кредиттік серіктестік" деген сөз болуға тиіс.

Кредиттік серіктестік ретінде тіркелмеген бірде-бір занды тұлға кредиттік серіктестік деп атала алмайды.

3. Кредиттік серіктестік қатысуышыларының саны үштен кем болмауға тиіс.

Егер кредиттік серіктестіктең құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, кредиттік серіктестіктең қатысуышылары оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өздері енгізген міндетті салымдар мен қосымша жарналардың құны шегіндегі кредиттік серіктестіктең қызметіне байланысты шығындардың тәуекелін өз мойнына алады.

Кредиттік серіктестік өзінің міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және өз қатысуышыларының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4. Кредиттік серіктестік микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын коммерциялық үйім болып табылады.

5. Кредиттік серіктестіктең мүлкі оған меншік құқығымен тиесілі болады және оның қатысуышыларының міндетті салымдары мен қосымша жарналарынан, кредиттік серіктестік алған кірістерден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының зандарында тыйым салынбаған басқа да көздерден құралады.

6. Алынып тасталды - ҚР 2005.12.23 № 107 Заңымен.

7. <\*>

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2005.12.23 № 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.07.05 № 30-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

### **4-бап. Кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттары**

1. Кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттары құрылтай шарты мен жарғы болып табылады.

2. Кредиттік серіктестіктің құрылтай шартында Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген мәліметтерден басқа:

1) кредиттік серіктестікке кіру кезінде төленуге тиісті міндettі салымның ең төменгі мөлшері;

2) кредиттік серіктестік қатысушыларының міндettі салымды салу тәртібі мен шарттары;

3) кредиттік серіктестіктің таза кірісін, қатысушылар салған міндettі салымдар мен қосымша жарналарды ескере отырып бөлу тәртібі болуға тиіс.

3. Кредиттік серіктестіктің жарғысында Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген мәліметтерден басқа:

1) кредиттік серіктестіктің фирмалық атауы мен орналасқан жері;

2) кредиттік серіктестік қатысушыларының құқықтары мен міндettтері;

3) кредиттік серіктестікке қатысу тәртібі мен шарттары;

4) кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері туралы мәліметтер;

5) кредиттік серіктестік қатысушыларының қосымша жарнаны салуы мен алып қоюның тәртібі, шарттары;

6) кредиттік серіктестік органдары туралы ережелер, шешімдер қабылдау, соның ішінде кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналышына қатысушылар және өкіл болып отырғандар даусының төрттен үш айқын басым көпшілігі қажет болатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдау тәртібі;

7) кредиттік серіктестік органдарының арасындағы құзыретті бөлу;

8) кредиттік серіктестіктің ақшасын орналастыру тәртібі;

9) кредиттік серіктестіктің жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі;

10) кредиттік серіктестіктің резервтік капиталын құру және пайдалану тәртібі болуға тиіс.

4. Алып тасталды - **ҚР 03.07.2019 № 262-VI Занымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Ескеरту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - **ҚР 2005.12.23 № 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

### **3-тaraу. Кредиттік серіктестікке қатысу**

#### **5-бап. Кредиттік серіктестік қатысушыларының құқықтары мен міндettтері**

1. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары:

1) кредиттік серіктестік көрсететін қызметтерді пайдалануға;

2) кредиттік серіктестіктің істерін басқаруға қатысуға;

3) кредиттік серіктестіктің органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

4) осы Заңға және серіктестіктің құрылтай құжаттарына сәйкес кредиттік серіктестік қызметінен кіріс алуға;

5) осы Занда және кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделген тәртіппен кредиттік серіктестікке қатысуды тоқтатуға;

6) серіктестіктің жарғысында көзделген тәртіппен кредиттік серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға құқылы.

Кредиттік серіктестікке қатысушылардың Қазақстан Республикасының Зан аktілерінде және құрылтай құжаттарында көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.

## 2. Кредиттік серіктестіктің қатысушылары:

1) құрылтай шартының және жарғының талаптарын сақтауға, кредиттік серіктестік органдарының шешімдерін орындауға;

2) кредиттік серіктестік органдарына өзінің қаржылық жағдайы туралы қатысушыларды кредиттеуге қатысты шешімдер қабылдау үшін жеткілікті болатындай дұрыс ақпарат беруге міндетті.

Кредиттік серіктестікке қатысушылардың Қазақстан Республикасының зан аktілерінде және құрылтай құжаттарында көзделген басқа да міндеттері болуы мүмкін.

## 6-бап. Кредиттік серіктестікке қатысуды тоқтату

### 1. Кредиттік серіктестікке қатысу:

1) өз еркімен шықкан;

2) өз үлесін кредиттік серіктестіктің басқа қатысушыларына немесе үшінші тұлғаларға иеліктен айырып берген;

3) кредиттік серіктестіктің талап етуі бойынша кредиттік серіктестік қатысушыларының қатарынан шығып қалған;

4) кредиттік серіктестік қызметі тоқтатылған;

5) Қазақстан Республикасының зан аktілерінде көзделген басқа да жағдайларда тоқтатылады.

2. Кредиттік серіктестікten өз еркімен шығу туралы өтініш кредиттік серіктестік басқармасының қарауына берілуге тиіс, басқарма өтініш берілген күннен бастап бір айдың ішінде оны қарауға және кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналышына енгізуге міндетті.

Кредиттік серіктестікке қатысу осы Занда көзделген тәртіппен қатысушының кредиттік серіктестік алдында қабылдаған мүліктік міндеттемелерін орындағаннан кейін оның өз еркімен шығуы арқылы тоқтатылуы мүмкін.

3. Кредиттік серіктестікке қатысушы Қазақстан Республикасының зан аktілерінде, кредиттік серіктестіктің құрылтай және өзге де құжаттарында белгіленген өз міндеттерін бұзған, кредиттік серіктестіктің алдында өз міндеттемелерін орындаған жағдайда, сондай-ақ кредиттік серіктестікке зиян келтірген жағдайда, серіктестік жалпы жиналыштың шешіміне сәйкес ондай қатысушының үлесін сот арқылы мәжбүрлеп сатып алушы және оның қатысушылар қатарынан шығуын талап етуге құқылы.

4. Кредиттік серіктестікке қатысушы үлесінің мәжбүрлеп сатып алынуы және шығып қалғаны туралы шешімге сот тәртібімен шағым жасай алады.

#### **4-тaraу. Кредиттік серіктестіктерді басқару**

#### **7-бап. Кредиттік серіктестіктің органдары**

1. Кредиттік серіктестіктің органдары:
  - 1) жоғары орган - кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы;
  - 2) атқарушы орган - басқарма;
  - 3) бақылаушы орган - тексеру комиссиясы (ревизор) болып табылады.
2. Кредиттік серіктестіктің жарғысында байқаушы органдар (байқаушы кеңес) құру көзделуі мүмкін.

#### **8-бап. Кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы**

1. Кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысын өткізу тәртібі кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделеді.

Кредиттік серіктестік қатысушыларының жыл сайынғы (жылдық) жиналысы қаржы жылды аяқталғаннан кейін үш айдан кешіктірілмей өткізіледі.

Жыл сайынғы жиналыстан басқа, кредиттік серіктестік басқармасының немесе кредиттік серіктестік қатысушыларының кемінде жиырма бес процентінің бастамасы бойынша шақырылатын кезектен тыс жиналыстар өткізілуі мүмкін.

Жалпы жиналыс кредиттік серіктестіктің жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне және осы Занға сәйкес шешімдер қабылдайды, басқарма шешімдерінің күшін жояды немесе оны бекітеді.

1-1. Кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімдері кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделеді. Егер кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімдері жарғыда көзделмеген болса, онда кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы ашылғанға дейін кемінде он жұмыс күнінен кешіктірілмей, кредиттік серіктестіктің жарғысында көрсетілген мерзімді баспасөз басылымында немесе кредиттік серіктестіктің интернет-ресурсында жариялануға, тапсырысты хатпен, табыс етілгені туралы хабарламасы бар жеделхатпен, телефонограммамен, ұялы байланыс арналары бойынша қысқа мәтіндік хабарлар немесе электрондық пошта арқылы, сондай-ақ хабарлаудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдары пайдаланыла отырып жіберілуге тиіс.

2. Кредиттік серіктестік қатысушылары жалпы жиналысының айрықша құзыretіне, Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерінде көзделген мәселелерден басқа:

1) серіктестіктің, нәтижесінде құны серіктестік активтері құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын мүлікті серіктестік сатып алатын немесе иеліктен шыгаратын мәміле немесе жиынтығында бір-бірімен өзара байланысты мәмілелерді жасауы туралы;

- 2) серіктестіктің міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан астам процентін құрайтын сомаға ұлғайту туралы;
- 3) кредиттік серіктестік қызметінің бағыты туралы;
- 4) кредиттік серіктестіктің кредиттік және инвестициялық саясатын айқындау туралы;
- 5) кредиттік серіктестіктің басқарма мүшесінің, тексеру комиссиясы мүшелерінің (ревизордың) және басқа да қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу тәртібі туралы;
- 6) қатысуышылардың қосымша жарна салу және алып қою тәртібін белгілеу туралы;
- 7) кредиттік серіктестіктің активтерін есептен шығару тәртібі туралы;
- 8) қатысуышылардың кредиттік серіктестікке қабылдану және одан шығу тәртібі туралы;
- 9) шығыстар мен кірістердің жылдық сметасын және оның атқарылуы туралы есепті бекіту туралы;
- 10) есеп жүргізу саясатын қалыптастыру туралы;
- 11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту туралы;
- 12) өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау жатады.

**Ескерту.** 8-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2005.12.23 № 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

#### **9-бап. Кредиттік серіктестік қатысуышылары жалпы жиналышының кворумы және онда дауыс беру**

1. Жалпы жиналыш, егер оған кредиттік серіктестік қатысуышыларының кемінде елу проценті қатысса, заңды деп танылады. Күн тәртібіне енгізілген мәселе жөніндегі шешім қатысуышылардың айқын басым көпшілігімен немесе бірауыздан қабылдануға тиіс болатын жағдайда, егер оған барлық қатысуышылардың кемінде үштен екісі қатысса, жиналыш шешім қабылдауға құқылы.

2. Алынып тасталды - КР 2005.12.23 № 107 Заңымен.  
3. Жалпы жиналышта шешімдер жалпы жиналышқа қатысуышылардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

4. Жалпы жиналышта жарғыны бекіту және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, сондай-ақ кредиттік серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе тарату мәселелері бойынша шешімдер, егер кредиттік серіктестік жарғысы оларды қабылдау үшін көп дауыс санын немесе бірауыздан қабылдауды талап етпесе, кредиттік серіктестікке қатысуышылардың жалпы жиналышына қатысқан және ұсынылған қатысуышылардың төрттен үшінің айқын басым көпшілігі даусымен қабылданады.

5. Кворум болмаған жағдайда кредиттік серіктестікке қатысуышылардың жалпы жиналышы қайтадан шақырылады. Кредиттік серіктестікке қатысуышылардың қайтадан шақырылатын жалпы жиналышын өткізу күнін кредиттік серіктестіктің басқармасы белгілейді. Кредиттік серіктестікке қатысуышылардың қайтадан шақырылған жалпы

жиналышы, осы баптың 1 және 4-тармақтарында көзделген жағдайдарды қоспағанда, егер оған кредиттік серіктестікке қатысушылардың кез келген саны тіркелсе, заңды болып табылады.

**Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2005.12.23 № 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

## **10-бап. Кредиттік серіктестіктің басқармасы**

1. Кредиттік серіктестіктің басқармасы қатысушылардың жалпы жиналышында сайланады және кредиттік серіктестіктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады.

Кредиттік серіктестіктің басқармасы кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналышы алдында өз қызметінің нәтижелері туралы жыл сайын есеп береді.

2. Кредиттік серіктестік басқармасының өкілеттіктері мыналарды:

1) кредиттік серіктестік қызметінің ішкі ережелерін қабылдау туралы және оларды кейіннен өзгерту туралы ұсыныстар әзірлеуді;

2) кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналышының қарауына кредиттік және инвестициялық саясатқа қатысты ұсыныстар әзірлеуді және енгізуді, кредиттік серіктестіктің ішкі кредит саясаты және кредит комитеті туралы ережелер әзірлеуді;

3) шығыстар мен кірістердің жылдық сметасын және оның атқарылуы туралы есепті әзірлеуді және табыс етуді;

4) жылдық қаржылық есептілікті әзірлеуді және табыс етуді;

5) қызметкерлер үшін еңбекақы мөлшерін белгілеуді;

6) кредиттік серіктестікке қатысушыларды қабылдау және одан шығу жөніндегі мәселелер бойынша құжаттар әзірлеуді және оларды кредиттік серіктестік қатысушыларының жалпы жиналышына шығаруды;

7) кредиттік серіктестіктің ағымдағы қызметіне байланысты және кредиттік серіктестік қатысушылары жалпы жиналышының айрықша құзыретіне кірмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруды қамтиды.

Кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналышы кредиттік серіктестіктің басқармасына кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналышының мынадай айрықша құзыреттерін бере алады:

кредиттік серіктестікке қатысушыларды қабылдау (шығару);

кредиттік серіктестікке қатысушыларды қабылдауға (шығаруға) байланысты кредиттік серіктестіктің жарғысын өзгерту немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

есепке алу саясатын қалыптастыру.

3. Басқарма жеке-дара орган бола алмайды және оның мүшелерінің саны тақ, бірақ үштен кем емес болуға тиіс. Басқарманы кредиттік серіктестік қатысуышыларының жалпы жиналышы сайлайтын төраға басқарады.

Кредиттік серіктестік қатысуышылары жалпы жиналышының шешімі бойынша басқарманың төрағасы және (немесе) мүшелері кредиттік серіктестіктің қатысуышылары болып табылмайтын адамдардан сайлануы мүмкін. Бұл жағдайда басқарманың құрамында кредиттік серіктестіктің бір немесе бірнеше қатысуышылары болуға тиіс.

#### 4. Басқарманың отырысы қажетінен қарай, бірақ айна кемінде бір рет өткізіледі.

Егер отырысқа басқарма мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, ол өзінің қарауына енгізілген мәселелерді шешуге құқылы. Шешім отырысқа қатысуышы басқарма мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

**Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 28.10.2019 № 268-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);  
30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### 11-бап. Тексеру комиссиясы (ревизор)

Кредиттік серіктестіктің тексеру комиссиясы (ревизоры) болуға тиіс.

Төраға және кредиттік серіктестік басқармасының, кредиттік комитеттің мүшелері, олардың отбасы мүшелері мен жақын туыстары тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

Тексеру комиссиясының (ревизордың) өкілеттіктеріне, Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген мәселелерден басқа, мыналар кіреді:

1) мерзімдік жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер өткізу арқылы кредиттік серіктестік, оның органдары мен лауазымды адамдары жасайтын іс-әрекеттер мен операциялардың Қазақстан Республикасы заңдарының және кредиттік серіктестіктің ішкі күжаттарының талаптарына сәйкестігін анықтау;

2) кредиттік серіктестік қатысуышыларының жалпы жиналышына және басқармаға кредиттік серіктестіктің қызметін жақсарту жөнінде ұсынымдар беру.

#### 5-тaraу. Кредиттік серіктестікке міндетті салымдар және қосымша жарнамалар

#### 12-бап. Міндетті салымдарды салу тәртіbi

1. Кредиттік серіктестікке кіру үшін қатысуыш міндетті салымның ең аз мөлшерін салады. Ұлттық валюта ақшасымен құралатын және төленетін кредиттік серіктестіктің бастапқы жарғылық капиталы қатысуышлардың міндетті салымдарының сомасына тең. Әрбір қатысуышының міндетті салымының кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы жалпы сомаға қатынасы қатысуышының кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесі болып табылады.

#### 2. Алынып тасталды - ҚР 2005.12.23 № 107 Заңымен.

3. Кредиттік серіктестіктің қатысушысына ақша салу кезінде кредиттік серіктестік қатысушысының ақша салғанын растайтын құжат беріледі.

Қатысушының кредиттік серіктестікке одан кейінгі ақша салуы және оның қатысушыға ақшаны қайтаруы жоғарыда аталған құжатта тіркелуге тиіс.

**Ескеरту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2005.12.23 № 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.**

### **13-бап. Кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысушының үлесін сатып алу ерекшеліктері**

1. Қатысушы кредиттік серіктестікке қатысады тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде, кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделген, бірақ қатысушы шешім қабылдаған күннен бастап тоқсан күннен аспайтын мерзімде, серіктестік осы қатысушының келісімімен кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы оның үлесін сатып алуға құқылы.

2. Қатысушының кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесін осы баптың 1-тармағында көзделген сатып алу, егер кредиттік серіктестікке қатысады тоқтату қатысушылардың ең аз санынан кемуіне немесе кредиттік серіктестіктің жарғылық капиталының ең тәменгі мөлшерден азауына әкеп соқпаған жағдайда жүзеге асырылады.

### **14-бап. Кредиттік серіктестік қатысушысының үлесін сату тәртібі**

1. Егер кредиттік серіктестіктің құрылтай құжаттарында және осы Занда өзгеше көзделмесе, кредиттік серіктестік қатысушысының өз үлесін сатуы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Қатысушының өз үлесін кредиттік серіктестіктің басқа қатысушыларына сатуына, егер ол кредиттік серіктестікке қатысушылар санының осы Занда көзделген аз мөлшерден кеміп кетуіне әкеп соқпайтын болса, жол беріледі.

3. Қатысушының өз үлесін кредиттік серіктестіктің басқа қатысушыларына не үшінші тұлғаларға сату мүмкіндігі болмаған жағдайда, өз үлесін сатқысы келетін қатысушы кредиттік серіктестікке осы үлесті сатып алу талабын қоюға құқылы.

Кредиттік серіктестік үлесті сатып алған жағдайда үлестің бағасы тараптардың келісімімен, ал келісімге келе алмаған жағдайда сот арқылы анықталады.

4. Қатысушының үлесін сатып алғаннан кейін кредиттік серіктестік басқа қатысушыларға осы үлесті жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген баға бойынша сатып алушы ұсынуға міндетті.

Кредиттік серіктестік жалпы жиналыстың шешімі бойынша бұл үлесті серіктестіктің атынан үшінші тұлғаларға сатуға құқылы.

5. Кредиттік серіктестік шығып кеткен қатысушыдан сатып алған үлесті қатысушылар не үшінші тұлғалар сатып алынған күннен бастап алты ай ішінде сатып алуша ниет білдірмеген жағдайда, үлес кредиттік серіктестік жарғылық капиталының

тиісінше азауы арқылы өтеледі және жарғылық капитал ең төменгі деңгейден азайған жағдайда кредиттік серіктестік осы Заңда көзделген негіздер бойынша таратылуға жатады.

6. Егер құрылтай құжаттарында немесе тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, кредиттік серіктестік қатысуышының осы бапта көзделген тәртіппен өз үлесін сатуы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

### **15-бап. Қатысуышылардың қосымша жарналары**

Кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделген жағдайда, қатысуыш кредиттік серіктестіктің мүлкіне қосымша жарналары шектеусіз салуға құқылы. Кредиттік серіктестік қатысуышылардың қосымша жарналары оның жарғылық капиталының мөлшерін өзгертпейді.

### **16-бап. Кредиттік серіктестікке қатысады тоқтатқан жағдайда қосымша жарна сомаларын қайтару**

Жарғыда көзделген жағдайларда, сондай-ақ кредиттік серіктестікке қатысады тоқтату кезінде қатысуышға тараптардың келісуімен белгіленген немесе кредиттік серіктестіктің жарғысында көзделген, бірақ кредиттік серіктестікке қатысады тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап тоқсан күннен аспайтын мерзімде қосымша жарнаның сомасы қайтарылады. Мұндай жағдайда кредиттік серіктестік алдында міндеттемелері бар қатысуышға оның кредиттік серіктестік алдында бар міндеттемелері шегеріле отырып төлем жасалады.

**Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.12.23 № 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.**

### **6-тарау. Кредиттік серіктестіктің қызметі**

### **17-бап. Кредиттік серіктестіктердің қызметі**

1. Кредиттік серіктестіктердің "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген микроқаржылық қызметті жүзеге асыруды қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына тыйым салынады.

2. Кредиттік серіктестіктер өз қызметін кредиттік серіктестіктің жоғары органы – кредиттік серіктестік қатысуышылардың жалпы жиналысы бекітетін, кредиттік серіктестіктің микрокредиттер беру қағидаларының, кредиттік комитет туралы ережесінің және ішкі ережелерінің негізінде жүзеге асырады.

3. Микрокредиттер беру қағидаларының мазмұнына қойылатын талаптар "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген.

4. Кредиттік серіктестіктің ішкі ережелерінде:

1) құрылымдық бөлімшелердің құрылымы, міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері;

2) құрылымдық бөлімшелер басшыларының құқықтары мен міндеттері;

3) кредиттік серіктестіктің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің кредиттік серіктестіктің атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асырған кездегі өкілеттіктері айқындалуға тиіс.

5. Кредиттік серіктестіктің кредиттік комитеті туралы ережеде:

- 1) кредиттік комитеттің құрылымы, міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері;
- 2) кредиттік комитет мүшелерінің жауапкершілігі;
- 3) кредиттік шарттарды бекіту ресімі;

4) кредиттік серіктестіктің жоғары және атқарушы органдарының, сондай-ақ оның лауазымды тұлғаларының қарыз мөлшеріне қарай оны беру туралы шешім қабылдау жөніндегі өкілеттіктері айқындалуға тиіс.

Ескерту. 17-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.12.23 № 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 399-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдымен.

#### **18-бап. Кредиттік серіктестік жүзеге асыратын операциялар**

Ескерту. 18-бап алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңдымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

#### **19-бап. Кредиттік серіктестіктердің бірлестіктері**

Кредиттік серіктестіктер өз қызметін үйлестіру, жалпы мұдделерін қорғау және білдіру, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және өзге де жалпы міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес кредиттік серіктестіктердің қауымдастықтар (одақтар) нысанындағы бірлестіктерін, сондай-ақ бірлескен қызмет туралы шарт негізінде консорциумдар құруы мүмкін.

#### **20-бап. Кредиттеу тәртібі**

1. Алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңдымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Кредит кредиттік серіктестік жарғысының ережелеріне сәйкес төленген міндетті салымды иеленетін кредиттік серіктестіктің қатысуышысына ғана берілуі мүмкін.

3. Кредиттік серіктестіктің қатысуышыларына жеңілдік шарттарымен кредиттер беру кредиттік серіктестік қатысуышыларының жалпы жиналысының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

4. Алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңдымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

4-1. Алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңдымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Тексеру комиссиясы (ревизор) басқарма төрағасына берілген кредиттер туралы мәліметтерді жыл сайынғы жалпы жиналыста кредиттік серіктестіктің барлық қатысуышыларының назарына міндетті түрде жеткізуге тиіс.

**6. Кредитті ресімдеуге және беруге байланысты барлық қажетті шығыстарды кредит алған қатысушы өтейді.**

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.02.10 N 406-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2019 № 262-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**20-1-бап. Кредит бойынша жылдық тиімді сыйақы ставкасын есептеу**

Ескерту. Заң 20-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.02.10 N 406-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

**21-бап. Кредиттік серіктестік жүргізетін операциялардың құпиясы**

Ескерту. 21-бап алып тасталды - ҚР 03.07.2019 № 262-VI Заңымен (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

**22-бап. Кредиттік серіктестіктің кредиттік комитеті**

1. Кредиттік комитеттің мүшелерін қатысушылар және (немесе) кредиттік серіктестіктің қызметкерлері болып табылатын өзге де тұлғалар арасынан кредиттік серіктестіктің басқармасы тағайындаиды.

2. Кредиттік комитет кредиттік серіктестік қатысушысының кредит алуға берген әрбір өтініші бойынша қорытынды әзірлейді және өзінің мәжілістерін қажеттілігіне қарай өткізеді.

**7-тарау. Кредиттік серіктестіктертің қызметін реттеу**

Ескерту. 7-тарау алынып тасталды - ҚР 2005.12.23 N 107 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

**8-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер**

**28-бап. Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктер туралы заңдарын бұзған ушін жауаптылық**

Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктер туралы заңдарын бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

**29-бап. Өтпелі ережелер**

1. Осы баптың 2-тармағында аталғандарды қоспағанда, осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған кредиттік серіктестіктер осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге және өз қызметін осы Заңға сәйкес келтіруге міндetti.

2. Мемлекеттік қаржы ресурстарын тарта отырып осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған селолық кредиттік серіктестіктер осы Заң қолданысқа енгізілген күннен

бастап төрт жыл ішінде өздерінің құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістер енгізуге және өз қызметін осы Заңға сәйкес келтіруге міндettі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК